Партия тізбегін орнату


Аудио қордтары арқылы барлық жүйелерді қосумен партия тізбегін орнатуға болады (қамтамасыз етілмеген). Сымдарды жалғамас бұрын сымның ажыратылғанын тексеріңіз.

А Егер барлық жүйелер Партия тізбегі функциясымен жабдықталса

Бірінші жүйе




Екінші жүйе



Соңғы жүйеге дейін байланысты жалғастыру

Соңғы жүйе




А байланысын орнатқанда


- Кез келген жүйе осы байланыстағы Партия хосты болады.
- Партия тізбегі функциясы белсендірілген кезде жаңа Партия хостын таңдауға болады. Мәліметтерді «Жаңа Партия хостын таңдау» (20-бет) бөлімінен қараңыз.
- Осы байланыста соңғы жүйе бірінші жүйеге қосылуы қажет.

В Егер жүйенің біреуі Партия тізбегі функциясымен жабдықталмаса

Бірінші жүйе




Екінші жүйе



Соңғы жүйеге дейін байланысты жалғастыру

Соңғы жүйе



В байланысын орнатқанда

- Соңғы жүйеде Партия тізбегі функциясымен жабдықталмаған жүйені қосуға болады. Соңғы жүйедегі «AUDIO IN» ұяларына сәйкес функцияның таңдалғанын тексеріңіз.
- Партия тізбегі функциясы белсендірілген кезде барлық жүйелер бірдей музыканы ойнату үшін бірінші жүйені Партия хосты ретінде таңдау қажет.
- Осы байланыста соңғы жүйе бірінші жүйеге қосылмайды.

Партия тізбегін пайдалану

Партия тізбегі функциясын белсендіру үшін келесі процедураны орындаңыз.

1 **Қуат сымын салып, барлық жүйелерді қосыңыз.**

2 **Әрбір жүйедегі дыбыс деңгейін реттеңіз.**

3 **Партия хосты болатын жүйедегі Партия тізбегі функциясын белсендіріңіз.**

FUNCTION +/- түймесін қажетгі функцияны (AUDIO IN басқа) таңдау үшін бірнеше рет басып, ойнатуды бастаңыз.

Құрылғыдағы PARTY CHAIN түймесін басыңыз.

«PARTY» және «CHAIN» хабары дисплей тақтасында екі рет пайда болады. Барлық жүйелерді Партия хосты ретінде бірдей музыка ойнатылады.

Ескертпелер

- Қосылған жалпы бірлік жүйелеріне байланысты Партия қонағы музыканы ойнату үшін белгілі бір уақыт алуы мүмкін.
- Партия хостындағы дыбыс деңгейін және дыбыс әсерін өзгерту Партия қонағындағы шығысқа әсер етпейді.
- Партия қонағы музыка көзін Партия қонағындағы функцияны өзгерткен кезде де Партия хосты ретінде ойнатуды жалғастырады. Дегенмен, дыбыс деңгейін реттеуге және Партия қонағындағы дыбыс әсерін өзгертуге болады.
- Партия тізбегі функциясымен жабықталмаған жүйе Партия хосты болмайды.
- Басқа жүйенің операциялары туралы мәліметтерді жүйені пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Жаңа Партия хостын таңдау

A байланысын жасаған кезде басқа жүйені жаңа Партия хосты ретінде таңдауға болады. Партия хосты болатын жүйеде «Партия тізбегін пайдалану» 3-қадамын қайталаңыз.

Ағымдағы Партия хосты автоматты түрде Партия қонағы болады. Барлық жүйелерді жаңа Партия хосты ретінде бірдей музыка ойнатылады.

Ескертпелер

- Партия тізбегі функциясын барлық жүйелер аяқтағаннан кейін жаңа Партия хосты ретінде басқа жүйені ғана таңдауға болады.
- Егер таңдалған жүйе бірнеше секундтан кейін жаңа Партия хосты ретінде өзгертілмесе, жоғарыдағы қадамды қайталаңыз.

Партия тізбегін тоқтату

Партия хостының бірлігіндегі PARTY CHAIN түймесін басыңыз.

Ескертпе

Егер жүйе бірнеше секундтан кейін жаңа Партия тізбегін тоқтатпаса, жоғарыдағы қадамды қайталаңыз.

Партия тізбегінің дыбыс әсерін орнату

Партия тізбегі функциясы белсендірілген кезде дыбыс режимін орнатуға болады. Партия ортасындағы оңтайлы дыбыс әсері үшін бөлменің сол жағындағы жүйелер сол жақ арнаның дыбысын шығаратындай және оң жақтағы жүйелер оң жақ арнаның дыбысын ғана шығаратындай орнатыңыз.

1 **OPTIONS түймесін басыңыз.**

2 **↑/↓ түймесін «P.CHAIN MODE» таңдау үшін бірнеше рет басып, ⊕ түймесін басыңыз.**

3 \uparrow/\downarrow түймесін «STEREO», «RIGHT CH» немесе «LEFT CH» таңдау үшін бірнеше рет басып, \oplus түймесін басыңыз.

- STEREO: Стерео дыбысты шығарыңыз.
- RIGHT CH: Оң жақ арнаның монофоникалық дыбысын шығарыңыз.
- LEFT CH: Сол жақ арнаның монофоникалық дыбысын шығарыңыз.

Опциялар мәзірінен шығу үшін OPTIONS түймесін басыңыз.

Жарықты орнату

Әр түрлі жарық үлгілерінен жарықты орнатуға болады. Жарық музыка көзіне байланысты жарық әсерлерін шығарады.

LED SPEAKER түймесін қайталап басыңыз.

Түймені басқан сайын үлгі өзгереді.

Жарықты сөндіру үшін

LED SPEAKER түймесін қайталап басып, «LED OFF» опциясын таңдаңыз.

Ескертпе

Егер жарық ашықтығы тым ашық болса, бөлме жарығын қосыңыз немесе жарықты өшіріңіз.

Таймерлерді пайдалану

Жүйе 2 таймерлі функцияны ұсынады. Егер екі таймер де пайдаланылса, автоматты өшіру таймері басым болады.

Sleep Timer

Музыканы тыңдау кезінде ұйықтап қалуыңыз мүмкін. Жүйе қойылған уақыттан кейін өшеді.

SLEEP түймесін қайталап басыңыз.

Автоматты өшіру таймерінен бас тарту үшін SLEEP түймесін қайталап басып, «OFF» опциясын таңдаңыз.

Кеңес

Жүйе өшкенге дейін қалған уақытты тексеру үшін SLEEP түймесін басыңыз.

Ойнату таймері

Орнатылған уақытта тионерді немесе USB құрылғысын қосуға болады. Сағатты дұрыс қойғаныңызға көз жеткізіңіз.

1 Дыбыс көзін дайындап, дыбыс деңгейін реттеу үшін **VOLUME +/-** түймесін басыңыз.

2 **TIMER MENU** түймесін басыңыз.

3 \uparrow/\downarrow түймесін «PLAY SET» таңдау үшін бірнеше рет басып, \oplus түймесін басыңыз.

4 Ойнатуды бастайтын уақытты белгілеңіз.

\uparrow/\downarrow түймесін бірнеше рет басу арқылы сағатты/минутты орнатыңыз, сосын \oplus түймесін басыңыз.

5 Ойнатуды тоқтататын уақытты қою үшін 4-қадамдағы процедураны пайдаланыңыз.

6 \uparrow/\downarrow түймесін дыбыс көзін таңдау үшін бірнеше рет басып, \oplus түймесін басыңыз.

7 I/\cup түймесін жүйені өшіру үшін басыңыз.

Таймер параметрін тексеру немесе таймерді қайтадан іске қосу үшін

1 TIMER MENU түймесін басыңыз. «TIMERSEL» дисплейде жыпылықтайды.

2 \oplus түймесін басыңыз.

3 \uparrow/\downarrow түймесін «PLAY SEL» таңдау үшін бірнеше рет басып, \oplus түймесін басыңыз.

Таймерді өшіру

Жоғарыдағы сияқты бірдей процедураны қайталап, 3-қадамдағы «OFF» параметрін таңдап, \oplus түймесін басыңыз.

Ескертпелер

- Жүйе қойылған уақыттан бұрын қосылады. Егер жүйе қойылған уақытта қосылса немесе дисплейде «STANDBY» жыпылықтаса, ойнату таймері қосылмайды.
- Ойнату басталғанша жүйе қосылған уақыттан бастап жүйені қолданбаңыз.

Таңдаулы жабдықты пайдалану

1 Дисплейге «VOL MIN» шыққанша, VOLUME – түймесін қайталап басыңыз.

2 Таңдаулы жабдықты жалғаңыз (8-бет).

3 FUNCTION +/- түймесін AUDIO IN функциясын таңдау үшін бірнеше рет басыңыз.

4 Жалғанған жабдықты ойнатуды бастаңыз.

5 Дыбыс деңгейін реттеу үшін VOLUME + түймесін қайталап басыңыз.

Ескертпе

Жалғанған жабдықтың дыбыс деңгейі тым төмен болса, жүйе күту режиміне автоматты түрде өтеді. Жабдықтың дыбыс деңгейін реттеңіз. Автоматты күту функциясын өшіру үшін «Автоматты күту функциясын орнату» (23-бет) бөлімін қараңыз.

Құрылғыдағы түймелерді өшіру

(Балалардан қорғау)

(Құрылғыдағы түймелерді I/\cup) баланың зақымдануы сияқты келеңсіздікті болдырмау үшін өшіруге болады.

Құрылғыдағы ■ түймесін

5 секундтан аса басып тұрыңыз.

«CHILD» және «LOCK ON» дисплейге пайда болады.

Жүйені қашықтан басқару құралындағы түймелермен ғана қолдануға болады.

Бас тарту үшін құрылғыдағы ■ түймесін 5 секундтан аса дисплейге «CHILD» және «LOCK OFF» шыққанша басып тұрыңыз.

Ескертпе

Электр шнурын ажыратқанда балалардан қорғау функциясынан бас тартылады.

Автоматты күту функциясын орнату

Бұл жүйе автоматты күту функциясымен жабдықталған. Осы функция арқылы жүйеде ешқандай амал қолданылмаса немесе аудио сигнал шығып тұрмаса, 15 минуттан кейін автоматты түрде күту режиміне өтеді (Автоматты күту режиміне өту функциясы).

Әдепкі мәні бойынша автоматты күту функциясы қосылады.

1 **OPTIONS** түймесін басыңыз.

2 **↕** түймесін «AutoSTBY» таңдау үшін бірнеше рет басып, **⊕** түймесін басыңыз.

3 **↕** түймесін «ON» немесе «OFF» таңдау үшін бірнеше рет басыңыз.

Опциялар мәзірінен шығу үшін **OPTIONS** түймесін басыңыз.

Ескертпелер

- Күту режиміне өтпес бұрын «AutoSTBY» хабары дисплейде 2 минуттай жыпылықтайды.
- Тюнер функциясы кезінде автоматты күту функциясы істемейді.
- Жүйе күту режиміне мына жағдайларда автоматты түрде өте алмауы мүмкін:
 - дыбыстық сигнал анықталғанда.
 - аудио файлдар ойнатылып жатқанда.
 - сақтаулы ойнату таймері немесе автоматты өшіру таймері қолданылып тұрған кезде.

Үйлесімді құрылғыларға арналған веб-сайттар

Үйлесімді USB және *Bluetooth* құрылғылары туралы соңғы ақпарат үшін төмендегі веб-тораптарды тексеріңіз.

Латын Америкасындағы тұтынушылар үшін:

<<http://esupport.sony.com/LA>>

Америка Құрама Штаттарындағы тұтынушылар үшін:

<<http://esupport.sony.com/>>

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:

<<http://support.sony-europe.com/>>

Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:

<<http://www.sony-asia.com/support>>

Ақауларды жою

Жүйеде ақау кездесе, төмендегі ақауларды жою кестесінен ақауды тауып, дұрыстайтын әрекет жасап көріңіз.

Егер ақау кетпесе, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.

Егер қызмет көрсетуші мамандар жөндеу барысында кейбір бөліктерін өзгертсе, ол бөліктердің сақталуы мүмкін екендігін ескеріңіз.

Егер «PROTECT» және «EXX» (X – сан) дисплейге шықса

Электр шнурын дереу суырыңыз.

- Құрылғының желдету тесіктеріне ештеңе кедергі келтіріп тұрмағанын тексеріңіз.
- Қосылған USB құрылғысын алып тастаңыз. USB құрылғысымен мәселенің жоктығын тексеріңіз.

Үстіндегі заттарды тексеріп, қиындықтарды шешкеннен кейін электр шнурын жалғап, жүйені қосыңыз. Егер қате кетпесе, жергілікті Sony делдалына хабарласыңыз.

Жалпы

Жүйе күту режиміне кірді.

- Бұл ақауға жатпайды. Жүйеде ешқандай амал қолданылмаса немесе аудио сигнал шығып тұрмаса, 15 минуттан кейін автоматты түрде күту режиміне өтеді (23-бет).

Сағат немесе таймер параметрінен бас тартылды.

- Электр шнуры ажыратылған немесе электр ақаулығы орын алды. Сағат (9-бет) пен таймерді (21-бет) қайтадан қойыңыз.

Дыбыс шықпайды.

- Дыбыс деңгейін реттеніз.
- Бар болған жағдайда таңдаулы жабдықтың байланысын тексеріңіз (8-бет).
- Жалғанған жабдықты қосыңыз.

Қатты гуіл немесе шу естіледі.

- Жүйені шу көзінен алыстатыңыз.
- Жүйені басқа жердегі ток көзіне қосыңыз.
- Электр шнурына шуыл сүзгісін (бөлек сатып алынады) орнатыңыз.
- Айналасындағы электрлік жабдықты өшіріңіз.

Таймер істемейді.

- Таймер параметрін тексеріп, дұрыс уақытты қойыңыз (21-бет).
- Автоматты өшіру функциясын тоқтатыңыз (21-бет).

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді.

- Қашықтан басқару құралы мен құрылғының арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғыға жақындатыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғыдағы сенсорға бағыттаңыз.
- Батареяларын ауыстырыңыз (R6/өлшемі AA).
- Құрылғыны күндізгі жарық шамынан алыс ұстаңыз.

Құрылғыдағы кез келген түймені басқанда «CHILD» және «LOCK» пайда болады.

- Балалардан қорғау функциясын өшіріңіз (22-бет).

USB құрылғысы**Дыбыс шықпайды.**

- USB құрылғысы дұрыс қосылмады. Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосып, жүйені қосыңыз.

Шу бар, жойылған немесе бұрмаланған дыбыс.


- Қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысын пайдаланудасыз. Үйлесімді USB құрылғылары туралы веб-тораптағы ақпаратты тексеріңіз (24-бет).
- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосып, жүйені қосыңыз.
- Музыка деректерінде шу немесе бұрмаланған дыбыс бар. Компьютердің жағдайларына байланысты музыкалық деректер жасағанда шуыл еніп кетуі мүмкін. Музыкалық деректерді қайтадан жасаңыз.

- Аудио файлдарды кодтағанда бит беріліс жылдамдығы төмен болды. Жоғары битті аудио файлдарды USB құрылғысына жіберіңіз.

«READING» ұзақ уақыт көрсетіледі немесе ойнатуды бастамас бұрын ұзақ уақыт алуы мүмкін.

- Оқу процесі келесі жағдайларда ұзақ уақыт алуы мүмкін.
 - USB құрылғысында көптеген қалталар немесе файлдар бар.
 - Файл құрылғысы тым қиын болып табылады.
 - Жад сыйымдылығы шектен асты.
 - Ішкі жад фрагменттелді.

«OVER CURRENT» пайда болады.

-  портында электр тогы деңгейінде ақау анықталды. Жүйені өшіріп, USB құрылғысын порттан алып тастаңыз. USB құрылғысында ақаудың жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер бұл дисплей үлгісі кетпесе, жергілікті Sony дилеріне хабарласыңыз.

Қате дисплей.

- USB құрылғысына сақталған деректер ақаулы болуы мүмкін, музыка деректерін USB құрылғысына қайта жіберіңіз.
- Бұл жүйеде көрсетілетін таңбалық кодтар сандар мен әріптерден ғана құралған. Көрсетілмейтін басқа таңбалар « > » деп көрсетіледі.

USB құрылғысы анықталмайды.

- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосып, жүйені қосыңыз.
- Үйлесімді USB құрылғылары туралы веб-тораптағы ақпаратты тексеріңіз (24-бет).
- USB құрылғысы дұрыс жұмыс істемейді. Бұл мәселені қалай шешу керектігін USB құрылғысын пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Ойнату басталмайды.

- Жүйені өшіріп, USB құрылғысын қайта қосып, жүйені қосыңыз.
- Үйлесімді USB құрылғылары туралы веб-тораптағы ақпаратты тексеріңіз (24-бет).

Бірінші файлдан бастап ойнатылмайды.

- Ойнату режиміне қалыпты ойнату мәнін қойыңыз (11-бет).

Аудио файлды ойнату мүмкін емес.

- MP3 PRO пішіміндегі MP3 файлдарын ойнату мүмкін емес.
- Кейбір AAC файлдары дұрыс ойнатылмауы мүмкін.
- Ағындық бейнесі бар AAC файлын ойнату мүмкін емес.
- Windows Media Audio Lossless және Кәсіби пішіміндегі WMA файлдарын кері ойнату мүмкін емес.
- USB құрылғылары қолдау көрсетілмейтін FAT16 немесе FAT32 басқа файл жүйелерімен пішімделеді.*
- Егер бөлінген USB құрылғысын пайдалансаңыз, бірінші бөліктегі файлдар ғана ойнатылады.
- Жүйе құрылымы жағынан 8 ішкі қалтаға дейін ойната алады.
- Шифрланған не құпия сөздермен қорғалған файлдарды ойнату мүмкін емес.
- Авторлық құқықтары қорғалған DRM файлдарын (Сандық құқықтарды басқару) бұл жүйеде ойнату мүмкін емес.

* Бұл жүйе FAT16 және FAT32 жүйелеріне қолдау көрсетпейді, бірақ кейбір USB құрылғылары осы FAT жүйелердің барлығына қолдау көрсетпеуі мүмкін. Мәліметтерді әр USB құрылғысына қоса берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз немесе өндірушіге хабарласыңыз.

Bluetooth құрылғысы

Жұптастыруды орындау мүмкін емес.

- Жүйеге *Bluetooth* құрылғысын жақындатыңыз.
- Егер жүйенің маңайында басқа *Bluetooth* құрылғылары болса, жұптастыру мүмкін болмайды. Мұндай жағдайда басқа *Bluetooth* құрылғыларын өшіріңіз.
- Дұрыс кілтсөздің *Bluetooth* құрылғысына енгізілгеніне көз жеткізіңіз.

***Bluetooth* құрылғысымен осы бірлікті анықтау мүмкін емес немесе «BT OFF» хабары дисплей тақтасында пайда болады.**

- *Bluetooth* сигналын «BT ON» (16-бет) үшін орнатыңыз.

Байланыс мүмкін емес.

- Қосылғыңыз келген *Bluetooth* құрылғысы A2DP профиліне қолдау көрсетпейді және жүйеге қосылу мүмкін емес.
- *Bluetooth* құрылғысының *Bluetooth* функциясын қосыңыз.
- *Bluetooth* құрылғысымен байланыс орнатыңыз.
- Жұптастыруды тіркеу ақпараты жойылды. Қайта жұптастырыңыз.
- *Bluetooth* құрылғысын жұптастыруды тіркеу ақпаратын өшіріп, жұптастыру жұмысын қайтадан орынданыз.

Дыбыс үзік-үзік не тұрақсыз шығады немесе байланыс жоғалады.

- Жүйе мен *Bluetooth* құрылғысы бір-бірінен тым алыс.
- Егер жүйе мен *Bluetooth* құрылғыңыздың арасында кедергілер болса, кедергілерді алып тастаңыз.
- Егер сымсыз LAN, басқа *Bluetooth* құрылғысы немесе қысқа толқынды пеш сияқты электромагниттік сәулеленуді тудыратын жабдық жақын болса, оларды алысқа қойыңыз.

Бұл жүйеден *Bluetooth* құрылғысының дыбысы естілмейді.

- Алдымен *Bluetooth* құрылғысындағы дыбыс деңгейін арттырып, VOLUME +/- арқылы дыбыс деңгейін реттеңіз.

Қатты гуіл, шуыл немесе бұрмаланған дыбыс бар.

- Егер жүйе мен *Bluetooth* құрылғыңыздың арасында кедергілер болса, кедергілерді алып тастаңыз.
- Егер сымсыз LAN, басқа *Bluetooth* құрылғысы немесе қысқа толқынды пеш сияқты электромагниттік сәулеленуді тудыратын жабдық жақын болса, оларды алысқа қойыңыз.
- Қосылған *Bluetooth* құрылғысының дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

Тюнер

Ауыр гуіл немесе шу бар, не станцияларды қабылдау мүмкін емес. («TUNED» немесе «ST» дисплей тақтасында жанады.)

- Антеннаны дұрыс жалғаңыз.
- Жақсы қабылдау аймағын қамту үшін антенна орнын және бағдарын өзгертіңіз.
- Бөлек сатып алынған сыртқы антеннаны жалғаңыз.
- Айналасындағы электрлік жабдықты өшіріңіз.

Партия тізбегі

Партия тізбегі функциясын белсендіру мүмкін емес.

- Байланысты тексеріңіз (19-бет).
- Аудио сымдары дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.

«PARTY» және «CHAIN» хабары дисплей тақтасында көрсетіледі.

- AUDIO IN функциясы Партия тізбегі функциясын белсендіру кезінде таңдалады. FUNCTION +/- түймесін басқа функцияны таңдау үшін бірнеше рет басыңыз.
- Жүйені қайта іске қосыңыз.

Партия тізбегі функциясы дұрыс жұмыс істемейді.

- Жүйені өшіріңіз. Одан кейін жүйені қосып, Партия тізбегі функциясын белсендіріңіз.

Жүйені қалпына келтіру үшін

Егер жүйе әлі дұрыс істемесе, жүйенің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіріңіз.

Осы жұмысты орындау үшін құрылғыдағы түймелерді пайдаланыңыз.

- 1 Электр шнурын суырып, орнына қайта тығыңыз.
- 2 Жүйені қосу үшін I/⏻ түймесін басыңыз.
- 3 ■ түймесін төмен басып тұрған кезде FUNCTION түймесін шамамен 3 секунд басыңыз. «RESET» дисплейге шығады. Алдын ала орнатылған радио станциялары, таймерлер және сағат сияқты барлық пайдаланушы теңшеітін параметрлер зауыттық әдепкі параметрге қалпына келтіріледі.

Хабарлар

Келесі хабарлардың біреуі пайда болуы мүмкін немесе операция барысында мүмкін тәжірибесінде жанады.

CHILD LOCK

Балалардан қорғау функциясы қосылған.

CONNECT

Bluetooth функциясы барысында соңғы қосылған құрылғыға жүйе қосылуда.

ERROR

USB құрылғысын анықтау мүмкін болмады немесе белгісіз құрылғы қосылады.

GUEST

Партия тізбегі функциясы белсендірілген кезде жүйе Партия қонағы болады.

HOST

Партия тізбегі функциясы белсендірілген кезде жүйе Партия хосты болады.

NoDEVICE

Ешқандай USB құрылғысы қосылмаған.

NO TRACK

Жүйеге ешқандай ойнатылатын файл жүктелмеді.

NOT SUPPORT

Қолдау көрсетілмейтін USB құрылғысы қосылған, белгісіз құрылғы қосылған немесе USB құрылғысы USB түймешігі арқылы қосылған.

PAIRING

Жүйе жұптастыру режимінде.

READING

Жүйе - USB құрылғысының көрсеткіш ақпараты. Кейбір операциялар қолжетімсіз.

TIME NG

Ойнату таймерін қосу және өшіру уақыты бірдей.

Сақтық шаралар

Қауіпсіздік техникасы

- Ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, электр шнурын (ток сымы) қабырғадағы ток көзінен (ток) толығымен ажыратыңыз. Құрылғыны тоқтан ажыратқанда, әрдайым ашасынан ұстаңыз. Ешқашан шнурынан тартпаңыз.
- Жүйенің ішіне қатты зат немесе сұйықтық кіретін болса, жүйені ток көзінен ажыратып, қолдану алдында білікті қызметкерлерге тексертіңіз.
- (АҚШ тұтынушыларына арналған) Ашаның бір контактісі қауіпсіздік мақсатында басқасынан кеңірек болады және ток көзіне бір-ақ жолмен салынады. Егер тығынды розеткаға толық салу мүмкін болмаса, дилерге хабарласыңыз.
- Айнымалы ток сымын арнайы қызмет көрсету орталығында ғана ауыстыру керек.

Орналастыру барысында

- Жүйені еңіс немесе қатты ыстық, суық, шаң, кір, ылғалды, дұрыс желдетілмейтін немесе діріл, тікелей күн сәулесі не күшті жарық әсер ететін жерлерге қоюға болмайды.
- Жүйені арнайы өңделген беттерге (мысалы, балауыз, май, жылтыратылған) қойған кезде абай болыңыз, себебі бетінің дақтануына немесе түссізденуіне себеп болуы мүмкін.
- Егер жүйе суық жерден жылы жерге бірден әкелінсе немесе өте ылғал бөлмеге қойылса, құрылғының ішіндегі линзаларда ылғал пайда болып, жүйенің дұрыс істемеуіне себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайда ылғал кепкенше жүйені сөндіріп қойыңыз.

Ішкі жақ қызуы кезінде

- Жұмыс кезінде құрылғыда пайда болған қызу қалыпты және алаңдауға себеп емес.
- Дыбыс деңгейін қатты шығарып ұзақ қолданғанда, жүйенің тұрқысын ұстамаңыз. Өте ыстық болуы мүмкін.
- Желдеткіш саңылауларын жабуға болмайды.

Динамик жүйесінде

Ішкі динамик жүйесі магниттен қорғалмаған және жақын жердегі теледидарлардағы кескін магниттен бұрмалануы мүмкін. Мұндай жағдайда теледидарды өшіріп, 15 - 30 минут күтіңіз, сосын оны қайта қосыңыз. Егер жақсармаса, жүйені теледидардан алыс қойыңыз.

Жүйенің тұрқысын тазалау

Жүйені жұмсақ жуғыш ерітіндіге малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Абразивті затты, тазалағыш ұнтақты немесе қосынды, бензин не спирт сияқты ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Bluetooth байланысы кезінде

- *Bluetooth* құрылғылары бір-бірінен шамамен 10 метр (33 фут) қашықтықта (кедергісіз қашықтық) пайдаланылуы тиіс. Тиімді байланыс ауқымы келесі жағдайларда кішіреюі мүмкін:
 - Адам, металл зат, қабырға немесе басқа кедергі *Bluetooth* байланысы бар құрылғылар арасында болғанда
 - Сымсыз LAN орнатылған жерлерде
 - Қолданыстағы шағын толқынды пештер бар жерлерде
 - Басқа электромагниттік толқындар бар жерлерде
- *Bluetooth* құрылғылары және сымсыз LAN (IEEE 802.11b/g) бірдей жиілік ауқымын (2,4 ГГц) пайдаланады. *Bluetooth* құрылғыңызды сымсыз LAN мүмкіндігі бар жерде пайдаланғанда электромагниттік кедергі пайда болуы мүмкін. Бұл дерек тасымалдау ауқымының азаюын, шуды немесе байланысу қабілетсіздігін тудыруы мүмкін. Егер бұл орын алса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:
 - Сымсыз LAN жабдығынан кемінде 10 метр (33 фут) алыс тұрғаныңызда осы жүйе мен *Bluetooth* құрылғысын қосып көріңіз.
 - *Bluetooth* құрылғыңызды 10 метр (33 фут) аралығында пайдаланғанда сымсыз LAN жабдығын өшіріп қойыңыз.

- Осы жүйе шығаратын радио толқындары кейбір медициналық құрылғылардың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл кедергілер дұрыс жұмыс істемеге әкеп соғатындықтан, осы жүйе мен *Bluetooth* құрылғысын келесі жерлерде әрдайым өшіріп қойыңыз:
 - Ауруханаларда, пойыздарда, ұшақтарда, жанармай құю станцияларында және тұтанғыш газдар болатын басқа кез келген жерлерде;
 - Автоматты есіктер немесе өрт дабылдарының қасында.
- Бұл жүйе *Bluetooth* технологиясы арқылы байланысқан кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрал ретінде *Bluetooth* сипаттамасына сәйкес келетін қауіпсіздік функцияларына қолдау көрсетеді. Алайда, бұл қауіпсіздік параметр мазмұнына және басқа факторларға байланысты сәйкессіз болуы мүмкін, сондықтан *Bluetooth* технологиясын пайдаланып байланыс құру кезінде әрқашан сақ болыңыз.
- Sony *Bluetooth* технологиясы арқылы байланысқан кезде ақпарат жайылуынан болатын зақымдар мен басқа шығындар үшін ешбір жағдайда жауапты емес.
- Осы жүйемен бірдей профильге ие кез келген *Bluetooth* құрылғысы *Bluetooth* байланысының орнауына кепілдік бермейді.
- Осы жүйемен байланысқан *Bluetooth* құрылғылары Bluetooth SIG, Inc. компаниясымен белгіленген *Bluetooth* сипаттамасына сәйкес келуі керек және сәйкестік туралы сертификаты болуы керек. Алайда, құрылғы *Bluetooth* сипаттамасымен сай келгенін өзінде *Bluetooth* құрылғысының сипаттамасы кейбір жағдайларда байланысуға жол бермей немесе өзге басқару әдістерін, көрсетулерді немесе әрекетті тудыруы мүмкін.
- Осы жүйеге қосылған *Bluetooth* құрылғысына, байланысу ортасына немесе орта жағдайларына байланысты шу пайда болуы немесе дыбыс өшіп қалуы мүмкін.

Сипаттамалар

AUDIO POWER SPECIFICATIONS

POWER OUTPUT AND TOTAL HARMONIC DISTORTION: (АҚШ моделі ғана)

6 Ом жүктемесімен екі арна да жүргізіледі, 120 – 10000 Гц; әр арнаның минималды RMS қуаты үшін 75 Вт бағаланған, 250 мВт шамасынан бағаланған шығысқа дейін жалпы гармоникалық бұрмалауының 0,7% бөлігінен көп емес.

Күшейткіш бөлімі

Төменде өлшенген мәндер

АҚШ моделі:

120 В айнымалы ток, 60 Гц

Мексика моделі:

127 В айнымалы ток, 60 Гц

Еуропа және Ресей үлгілері:

220 В – 240 В айнымалы ток,

50/60 Гц

Чили және Боливия үлгілері:

220 В – 240 В айнымалы ток, 50 Гц

Баска модельдер:

120 В – 240 В айнымалы ток,

50/60 Гц

Қуат шығысы (белгіленген)

150 Вт + 150 Вт (6 Ом, 1 кГц,

1% THD болғанда)

RMS шығыс қуаты (сілтемелік)

250 Вт + 250 Вт (6 Ом, 1 кГц

болғанда бір арна бойынша)

Кірістер

AUDIO IN/PARTY CHAIN IN L/R

Кернеуі: 2 В, кедергісі: 47 кОм

Шығыстар

AUDIO OUT/PARTY CHAIN OUT L/R

Кернеуі: 2 В, кедергісі: 1 кОм

USB бөлімі

Қолдау көрсетілетін формат

MP3 (MPEG 1 3-ші дыбыс деңгейі):

32 кбит/с – 320 кбит/с, VBR

WMA: 48 кбит/с – 192 кбит/с

AAC: 48 кбит/с – 320 кбит/с

WAV: 16 бит PCM

Үлгілік жиіліктер

MP3 (MPEG 1 3-ші дыбыс деңгейі):

32 кГц/44,1 кГц/48 кГц

WMA: 32 кГц/44,1 кГц/48 кГц

AAC: 32 кГц/44,1 кГц/48 кГц

WAV: 8 кГц – 48 кГц

Қолдау көрсетілетін USB құрылғысы

Жаппай сақтау класы

Максималды ток күші

1 А

↔ (USB) порты

А үлгісі

Bluetooth бөлімі

Байланыс жүйесі

Bluetooth Стандартты нұсқа 3.0

Шығыс

Bluetooth Стандартты 2-қуат

дәрежесі

Максималды байланыс ауқымы

Шолу сәулесі шамамен 10 м¹)

Жиілік ауқымы

2,4 ГГц ауқымы (2,4000 ГГц –

2,4835 ГГц)

Модульдеу әдісі

FHSS (Жиілік секіруін кеңейту

спектрі)

Үйлесімді Bluetooth профильдері²⁾

A2DP (Жетілдірілген аудио

тарату профилі)

AVRCP 1.3 (Аудио бейнені

кашықтан басқару профилі)

Қолдау көрсетілетін кодектер

SBC (Ауқым асты кодекгі)

AAC (Жетілдірілген аудио код)

aptX (aptX Codec)

- 1) Нақты ауқым құрылғылар арасындағы кедергілер, шағын толқынды пеш айналасындағы магниттік өрістер, статикалық электр жүйесі, қабылдау сезгіштігі, антеннаның жұмысы, операциялық жүйе, бағдарламалық құрал қолданбасы сияқты т.б. факторларға тәуелді болады.
- 2) *Bluetooth* стандартты профильдері құрылғылар арасындағы *Bluetooth* байланысының мақсатын көрсетеді.

FM тюнерінің бөлімі

FM стерео, FM жиілік түрлендіргіш тюнері

Антенна

FM сым антеннасы

Реттеу ауқымы

АҚШ моделі:

87,5 МГц – 108,0 МГц
(100 кГц қадам)

Басқа модельдер:

87,5 МГц – 108,0 МГц
(50 кГц қадам)

Динамик бөлімі

Динамик жүйесі

2 жолды, төменгі жиілік рефлексі

Динамик құрылғысы

Вуфер: 200 мм (7 ⅞ дюйм),
конус түрі

Жоғары жиіліктегі динамик:
66 мм (2 ⅝ дюйм), конус түрі

Белгіленген кедергі

6 Ом

Жалпы

Электр желісіне қойылатын талаптар

АҚШ моделі:

120 В айнымалы ток, 60 Гц

Мексика моделі:

127 В айнымалы ток, 60 Гц

Еуропа және Ресей үлгілері:

220 В – 240 В айнымалы ток,
50/60 Гц

Чили және Боливия үлгілері:

220 В – 240 В айнымалы ток, 50 Гц

Басқа модельдер:

120 В – 240 В айнымалы ток,
50/60 Гц

Қуат шығыны

110 Вт

Қуат шығыны (Қуатты үнемдеу режимінде)

Еуропа және Ресей үлгілері:

0,5 Вт («BT STBY» параметрі
«OFF» күйіне орнатылған кезде)

6 Вт («BT STBY» параметрі «ON»
күйіне орнатылған кезде)

Өлшемдері (е/б/д) (шамамен)

757 мм × 303 мм × 363 мм

(29 ⅞ дюйм × 12 дюйм × 14 ⅜ дюйм)

Салмағы (шамамен)

13,8 кг (30 фунт 7 унция)

Жинақтағы аксессуарлар

Қашықтан басқару құралы (1)

R6 (AA өлшеміндегі) батареялары (2)

FM сым антеннасы (1)

Дизайн мен сипаттамалар ескертусіз өзгертіледі.

<http://www.sony.net/>

